



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТУРИЗМ ИНДУСТРИЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ

Қыдырәлі Ердаулет Сәкенұлы

k-erdaulet@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ экономика факультетінің 2-курс студенті, Астана,
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - "Менеджмент" кафедрасының аға оқытушысы Әбенев Е.М.

Атың барда жер таны, желіп жүріп...

Халық даналығы

Елбасы Қазақстанның бай табиғаты, қайталанбас тарихи-мәдени ескерткіштері елімізде туризм индустриясын өркендетуге мол мүмкіндік беретіндігін айтып, өзінің жыл сайынғы жолдауларында туризмді ел экономикасының тұрақты дамуының басым бағыттарының бірі ретінде кәдеге жаратуды ұдайы ұсынып келеді. Туризмнің табысты сала екенін төрткүл дүние түсініп болды. Сондықтан да туризмді табыстың қайнар көзі ретінде елдің игілігіне пайдалануға басымдық беріліп келеді. Әлемдік қаржы дағдарысы да экономиканың тиімді салаларын дамытуды алға тартуда. Бұған бүгінгі таңда туризм индустриясынан түскен табыс мұнай өндірісі мен машина жасау өнеркәсібінен кейінгі орында тұрғаны да нақты дәлел бола алады. Сарапшылардың пайымдауынша, 100 мың турист қалада шамамен екі сағат болған кезде 350 мың АҚШ долларын жұмсайды екен. Туризм әлемдегі жалпы ұлттық өнімнің оннан бір бөлігін, халықаралық инвестицияның 11 пайыздан астамын, әлемдік өндірістің әрбір тоғызыншы жұмыс орнын қамтамасыз ететінін де экономистер әлдеқашан шотқа қағып, есептеп қойған. Тіпті халқы бірыңғай туризмнен түскен табыспен күн көріп отырған елдер де бар. Әрине, «аттылыға еремін деп, жаяудың таңы атпас» дегендей, ғасырлар бойы туризмді талғажау етіп отырған елдермен бәсекелеспесек те, ел экономикасын туризмнен түсетін табыспен толықтырудың мүмкіндігі бізде де бар. Елбасы Қазақстанның бай табиғаты, қайталанбас тарихи-мәдени ескерткіштері елімізде туризм индустриясын өркендетуге мол мүмкіндік беретіндігін айтып, өзінің жыл сайынғы жолдауларында туризмді ел экономикасының тұрақты дамуының басым бағыттарының бірі ретінде кәдеге жаратуды ұдайы ұсынып келеді. Туризм - экономикалық дамуымыздағы негізгі тетіктердің бірі. Сондықтан еліміздің өркендеуіне мол үлес қосатын туризмді дамыту шарт. Алайда елімізде сыртқы туризмге қарағанда, ішкі туризм тұралап қалған. Ал сыртқы туризмнің дамуы жекелеген компаниялар үшін ғана тиімді болып отыр. Сыртқы елдерге шығатын туристер саны еліміздің ішіндегі демалушылардан әлдеқайда басым.

Республиканың әсем де әдемі жерлерінде бірнеше туристік базалар орналасқан. Оларға «Шымбұлақ» шаңғы базасы, «Баянауыл», «Қарқаралы», «Алтай мүйісі», «Наурызым алқабы», «Оңтүстік» базалары жатады. Бұл тізімді Тарбағатай, Жылтыркөл, Ұлытау, Бетпақдала, Зеренді, Шарын, Айғайкүммен толықтырсақ болады.[1]

Мамандардың пайымдауынша, еліміздегі қонақүй, туристік қызмет бағасы шетелдегі туристік қызмет көрсету бағасынан артық болмаса, кем емес. Сондай-ақ отандық туристік қызмет көрсету түрі де еуропалық стандарттан төмен болып отыр. Саяхатты жанынан артық көретін халық «дәл сол бағаға шетелде де демалуға болады» деп мұхит асып кетпегенде қайтсін?! Тіпті табиғат аясында демалғысы келетіндер жолдардың жөндеуден өтпегендігінен ел ішіндегі Алакөл, Қапшағай, Балқаштан гөрі айыр қалпақты ағайындарымыздың Ыстықкөліне баруды жөн көретіндігін айтады саяхатшылар.

Статистика агенттігінің деректеріне сүйенсек, жыл сайын елдегі туризм индустриясы қарқынды дамып келе жатыр. Сырттан келетін туристердің саны да біршама артқан. Алайда, бұл көрсеткіш әзірге көңіл көншітпейді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жылда халыққа Жолдауында туризмді дамытуды баса айтып, арнайы ведомстволарға тапсырады. Биыл да Нұрсұлтан Назарбаев Туризмді дамытудың 2020

жылға дейінгі бағдарламасын әзірлеуді жүктеді. Бүгінгі таңда Елбасының тапсырмасына сәйкес, халықаралық деңгейдегі негізгі жобалар анықталып отыр, сол жобалар бойынша жеке-жеке жүйелі жоспарлар дайындалмақшы. Бұл - «Бурабай - Щучинск» курорттық аймағы» жобасы, «Алматының іргесіндегі тау-шаңғы курорттар аймағы» жобалары. Қазір Кендірлі теңіз демалыс аймағының мәселесі де жан-жақты қаралып жатыр. Елбасының тапсырмасына сәйкес, туристік саланы дамыту жөнінде біршама жобалар ұсынылды. Оның қатарында Қазақстанда көліктік туризмді дамытуға бағытталған бірқатар ірі көліктік жобаларды жүзеге асыру да ерекше аталады.

Дәлірек айтсақ, «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» көлік дәлізінің бойынан 7 туристік-рекреациялық орталық пен 24 туристік кешен салу жоспарда бар. Бұлармен қатар, ішкі туризмді дамытуға қажетті аймақтық жобалар да маңызды мәселеге айналып отыр. Әсем Алматының орталығынан оңтүстік-шығысқа дейін орналасқан 371,5 метр биіктіктегі телемұнара жанынан демалыс парктерін құрып, модернизациялау да келер жылдың еншісіне бұйырды. Бұл, әрине жарқын болашаққа бағытталған негізгі жоспар. Ал әзірге қазақстандық туристер елден жырақта «аты барда жер танып» қалуды мақсат тұтып отырғандай.[2]

Туризм жалпы алғанда, мемлекеттің экономикасына үш оң нәтиже береді:

1. Шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді және төлем теңгерімі мен жиынтық экспорт сияқты экономикалық көрсеткіштерге оң ықпал жасайды.

2. Халықтың жұмыспен қамтылуын көбейтуге көмектеседі. ДТҰ мен Дүниежүзілік туризм және саяхат кеңесінің бағалауы бойынша туризм өндірісінде құрылатын әрбір жұмыс орнына басқа салаларда пайда болатын 5-тен 9-ға дейін жұмыс орны келеді екен. Туризм тура немесе жанама түрде экономиканың 32 саласының дамуына ықпал жасайды.

3. Елдің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі.[3]

Қазақстан Республикасы бәсекеге түсе алатын және рентабельді туризм индустриясын дамытуға толық мүмкіншілігі бар. Оған ықпал ететіндер:

— еліміздің қолайлы геосаяси жағдайы. Батыс пен Шығыс аралығындағы халықаралық туристік және коммерциялық ағымдардың өсуі;

— саяси тұрақтылық, демократиялық қайта құру, экономикалық реформаның өтуі және инвестициялық ахуалдың тұрақтылығы мен ашықтығы;

— еліміздің тарихи-мәдениет мұрасының ерекшелігі;

— мұсылман, христиан, будда ескерткіштерінің болуы;

— Қазақстанның көп мәдениеттілігі, музей, мәдениет ошақтарының, фольклорлы-этнографиялық және ұлттық кәсіпқой өнерпаздардың көп болуы; -Туристік- рекреациялық аймақтардың болуы, табиғи ландшафтар, өсімдік, жануарлар дүниесінің ерекшелігі, экзотикалық тур, балық аулау, аң аулау, өсімдіктер жинау т.б.;

— бос еңбек ресурстарының болуы (мамандар).

«Жүз рет естігеннен, бір рет көргенің артық» дегендей, қолың қалт еткенде демалып, туған жердің табиғатына сүйсініп, өлкеміздің шырайлы жерлерін барып көргенге не жетсін. Алысқа бармай-ақ, облысымыздың аумағындағы тарихи маңызды орындар (ескі қалашық, қорғандар, мешіттер, т.б.) мен тарихи маңызды тұлғалардың туып-өскен, жерленген жерін көруді немесе табиғи көрікті орындарға баруды қаласам, маған кім жол сілтейді? Ол жерлерге қажетті инфрақұрылымдар жеткізілген бе? Тамақтануға, қонуға жағдай жасалған ба? Әрине, жоқ. Тіпті кімнен ақыл сұрарыңды білмей, апарып көрсететін адамды таба алмай, дал боласың.

Ал шетелде демалғың келсе, қайда не бар, қандай жағдай жасалған, бәрін ғаламтордан табасың. Үйіңнен шықпай-ақ ғаламтор арқылы билетінді алып, қонақүйінді брондайсың. Барғанда тамағың тоқ, көйлегің көк күйінде сол елдегі экскурсоводтың сілтеуімен жер көресің, ел танысың. Олар қалтаңдағы ақшанды сыпырып алып, өздерінің табиғи көрікті және тарихи қызықты жерлеріне апарады. Ұтатын – шетел. Ұтылатын – біз. Жыл бойы тер төгіп еңбек етіп тапқан ақшамызды шетелге апарып құямыз. Солардың табиғи, тарихи жерлерін көріп мәз боламыз. Себебі, онда жайлы қонақ үй, әдемі шомылатын жер, түрлі

тағам, көңілден шығатын қызметтер бар.

Біздің аймақ – табиғи әдемі мүйістері көп, кең жазық даласы, орманы, өзені, көлі, бұлағы бар, флорасы мен фаунасы бай, «қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтындай» керемет жер. Сонымен қатар өлкеміз тек Қазақстанды ғана емес, бүкіл әлемді өзінің тарихи орындарымен де қызықтыра алады. Сондықтан тарихи орындар мен тарихи тұлғаларымызға қатысты терең ғылыми зерттеулер жүргізіп, болашақ ұрпақты адамгершілігі мол, иманды, отансүйгіш етіп тәрбиелеуге ықпал ететін тұстарын ескеріп, ішкі туристік кластерлер жасақтауымыз қажет. Туристік кластерлер аудандық, ауданаралық, облыстық, аймақтық, республикалық деңгейлерге бөлінгені жөн. Тұтынушының қалауы бойынша атпен, түйемен, велосипедпен, автокөлікпен, ұшақпен аралауға мүмкіншілік жасалуы тиіс. Филология ғылымдарының докторы, халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті Ғарифолла Әнес Атырауда болған жиында: «Махамбет басынан шыққандар Асан қайғының, Құрманғазының, Жүмекеннің кіндік қаны тамған жерді көріп, одан Хан ордасына соғып, одан әрі Ақтөбе асып, Исатай бабамыздың басына тәу етер еді. Қажытарханнан басталатын Құрманғазы-Дәулеткерей-Мұхит-Қазанғап..., Сарайшық хандары, Бөкей хан-Жәңгір хан-Әбілхайыр хан... мазарлары маршруттары, Ноғайлының 4-5 астанасы-байтақ Сарайларының арасын қосар күре жол туристік кластерге сұранып тұр емес пе?» -деген еді. Бұған Оралдың маңындағы – он төртінші ғасырдағы Жайық қалашығын, Бөрлі ауданы аймағындағы зерттелуін күтіп жатқан Қырықобаны қосыңыз. Алаш арыстарының жанқиярлығымен 18 ай бойы өмір сүрген Батыс Алашорда үкіметінің съезі өткен Орал-Ойыл-Қаратөбе-Сырым ауылдары – көп қаржылық шығынды талап етпейтін дайын маршрут. Тізе берсе, бірінен-бірі асып түсетін тарихи маңызды, қызықты жерлер көп. Тек осы тарихи байлықты ұқсата білсек болғаны.

«Асың барда ел таны, беріп жүріп. Атың барда жер таны, желіп жүріп» деген сөз ата-бабамыздан қалған. Еліміздің шұрайлы жерлерімен мақтанғанда алдымызға жан салмаймыз. Бірақ өзіміз ауасы саф алтындай таза аймақтарымызға барып көрдік пе? Түркияның Анталиясы, Қырғызстанның Ыстықкөлі, Үндістанның Гоа аймағы өзіміздің шұрайлы жерлерден артық болғаны ма? Өзгенің қаңсығын аңсамас бұрын, өзіміздің байлығымызды танып-білген жөн шығар.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстандағы туризм <http://kk.wikipedia.org/>
2. Қазақстанда туризмді дамытудың барысы қалай? <http://old.aikyn.kz/>
3. Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың тұжырымдамасы туралы <http://adilet.zan.kz/>

ӘОЖ 658(574)

КӘСІПОРЫНДАҒЫ ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІКТЕРІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қуанышева Гауһар Ғалымқызы

gauhar_9393@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті,

Экономика факультеті, «Менеджмент» кафедрасы,

менеджмент мамандығының 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі:

Экономика ғылымдарының кандидаты, и.о. доцент Бакирбекова А.М.

Кәсіпорынның тиімді жұмыс жасап, максималды түрде пайда табуы, онда кімдердің жұмыс жасауы және кәсіпорын ішіндегі қызметкерлер жұмысын басқару саясаты қалай жүргізілетіне тікелей байланысты. Сондықтан, қазіргі таңда кең етек алған еңбек